

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы
№ 175 бұйрығына
қосымша

**Орта білім беру ұйымдарының басшыларына, педагогтеріне,
әдіскерлеріне арналған «Орта білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру
ортасын жобалау» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру
бағдарламасы**

Бағдарлама авторлары:

Рсалдинова А.К., п.ғ.к., «Арнайы педагогика» кафедрасының доценті
Кемешова А.М. – п.ғ.м., «Арнайы педагогика» кафедрасының аға оқытушысы

Орта білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлеріне арналған «Орта білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру ортасын жобалау» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Инклюзивті білім беруді іске асыратын орта білім беру ұйымдарының басшыларына арналған педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының «Орта білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру ортасын жобалау» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) инклюзивті білім беруді іске асыратын орта білім беру ұйымдарының басшыларын оқытуды реттейді.

2. Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес инклюзивті білім беру негіздері бойынша басшылардың біліктілігін арттыруға бағытталған.

2-тарау. Глосарий

Кедергісіз орта-қоршаған ортада шектеулі қозғалғыштығы бар адамдардың кедергісіз, қауіпсіз, тәуелсіз қозғалысын қамтамасыз ететін шаралар кешені.

Инклюзивті білім беру- ерекше білім беру қажеттіліктері мен жекедара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс

Инклюзивті білім беру ортасы-білім беру процесінің барлық субъектілеріне өзін-өзі тиімді дамытуға мүмкіндік беретін білім беру ортасының түрі.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар (балалар)- денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар.

Жалпы білім беретін мектеп-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнайы оқу және жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау-білім алу үшін қажетті арнайы жағдайларды анықтау.

ПМПК-Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру - әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету қолдауының көрсеткіштерін белгілеу, оқытудың түрі мен нысанын анықтау, жеке оңалту бағдарламасын жасау мақсатында мүмкіндігі шектеулі балаларды

диагностикалау мен психологиялық-медициналық-педагогикалық сараптама жүргізетін мемлекеттік ұйым.

Психологиялық-педагогикалық қолдау-әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес нәтижелі оқыту мен дамыту үшін әлеуметтікпсихологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын мамандардың тұтас, жүйелі ұйымдастырылған әрекетін көрсететін балаға оқу-тәрбие процесіндегі көмектің (немесе қолдаудың) ерекше түрі.

3-тарау. Бағдарламалар тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
1. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ	1.1 Инклюзивті білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдарының басшыларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.
	1.2 Инклюзивті білім беру жағдайында басшыларға арналған біліктілік талаптары және қызметін ұйымдастыру
2. БАСҚАРУШЫЛЫҚ	2.1 Орта білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру ортасын жобалау: негізгі кезеңдері.
	2.2 Инклюзивті білім беру ортасына қойылатын талаптар және оны бағалау тәсілдері
3. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ	3.1. ЕББҚ бар оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері
	3.2. ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау: негізгі кезеңдері
4. МАЗМҰНДЫҚ	4.1. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы білім беру жағдайларын анықтау және ұйымдастыру.
	4.2. Инклюзивті білім беру ортасының құрылымы. Компоненттер: кеңістіктік-пәндік, мазмұнды-әдістемелік, коммуникативті-ұйымдастырушылық.
	4.3. Педагогикалық технологиялар заманауи сабақты жобалау негізі ретінде. ЕББҚ бар балалардың және инклюзия контекстіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқыту технологиялары.
	4.4 Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі.
	4.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесінде пән мұғалімінің білім беру ұйымының педагогикалық қызметкерлерінің қызметінің

	ерекшеліктері.
	4.6 ЕБҚ бар баланы қосқан кезде білім беру мекемесінің мамандарының қызметінің ерекшелігі
	4.7. Білім беру ұйымындағы психологиялық медициналық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мазмұндық аспектілері
	4.8. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды білім беру кеңістігіне қосу шарты ретінде кедергісіз орта құру.
	4.9 ЕБҚ бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясы.
	4.10. Инклюзивті білім беру жағдайында отбасымен жұмыс істеу ерекшеліктері. Мектеп сыныбының ата-аналарымен өзара әрекеттесу.
5. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ	5.1 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы
	5.2 Сандық білім беру ресурстары мен виртуальды зертханаларды пайдалану автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.
	5.3. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау
6. ВАРИАТИВТІК	6.1. Оқу процесінде оқыту кезінде Қашықтан оқытудың ерекшеліктері. Қашықтан оқыту сабақтарын жобалау.
	6.2 Оқыту процесінде қашықтан оқытудың ерекшеліктері. Қашықтан оқыту дизайны.
	6.3. ЕБҚ бар балаларға үйде оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері.
	6.4 Жобаны қорғау.

4-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Бағдарламаның мақсаты – басшылардың инклюзивті білім беруді іске асыратын жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (бұдан әрі – ЕБҚ бар балалар) оқу - тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Бағдарлама міндеттері:

1) инклюзивті білім беруді іске асыратын басшылардың орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен құзыреттіліктерін көрсететін, қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы білімдерін кеңейту.

2) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық - педагогикалық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту;

3) білім берудің жаңартылған мазмұнының міндеттеріне сәйкес жоспарлаумен байланысты әдістемелік және практикалық құзыреттерді дамыту;

4) оқытудың интерактивті әдістерін, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын, заманауи IT-технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру;

5) жеке білім беру бағдарламасын жасауға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз орта жобалау дағдыларын жетілдіру;

6) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдану дағдыларын жетілдіру;

7) оқушылардың денсаулық ерекшеліктерін, демалыс, мереке күндері және кешкі уақытта даму деңгейін ескере отырып, демалыс пен сауықтыруды жоспарлау және ұйымдастыру;

8) инклюзивті білім беру сапасына мониторинг және ішкі бағалау жүргізуге үйрету.

Күтілетін оқу нәтижелері.

Курс соңында тыңдаушылар:

1) инклюзивті білім беруді іске асыратын басшылардың орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен құзыреттіліктерін көрсететін, қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер туралы біліеді және түсінеді.

2) білім берудің жаңартылған мазмұнының міндеттеріне сәйкес мектептің даму жоспарын, ОМЖ, ҚМЖ құрастыра алады;

3) ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психологиялық - педагогикалық ерекшеліктері туралы біледі;

4) оқытудың интерактивті әдістерін, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу технологияларын, заманауи IT-технологияларды қолдана алады;

5) жеке білім беру бағдарламасын жасауға, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кедергісіз орта жобалайды;

6) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолданады;

7) оқушылардың денсаулық ерекшеліктерін, демалыс, мереке күндері және кешкі уақытта даму деңгейін ескере отырып, демалыс пен сауықтыруды жоспарлайды және ұйымдастырады;

8) инклюзивті білім беру сапасына мониторинг және ішкі бағалау жүргізеді.

5-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) педагогикалық-психологиялық;

- 3) мазмұндық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамытудың психологиялық, педагогикалық және нормативтік аспектілері. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріндегі қолданыстағы өзгерістерді немесе жаңа талаптардың пайда болуын көрсетеді. Модуль оқу үрдісінде психология мен педагогиканың заманауи әдістерін қолдану бойынша көшбасшылардың практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Модуль 2. Басқарушылық. Дәріс материалдары білім алушыларға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға арнайы білім беру жағдайларын анықтауға және ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Орта білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті дамыту.

Модуль 3. Педагогикалық-психологиялық; Жалпы білім беретін мектепте ЕББҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Осы Ережелерге сәйкес психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу деп ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды), оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет қарастырылады.

Модуль 4. Мазмұндық. Білім сапасын арттыру контекстінде оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру. Онда курстың тақырыбы, зерттелген материалдың теориялық және әдіснамалық негіздері, практикалық маңыздылығы мен жаңалығы ашылады. Модульде Бағдарлама тақырыбы бойынша ең жақсы шетелдік және отандық педагогикалық тәжірибеге салыстырмалы талдау жасалған. Педагог-психологтың, логопедтің, дефектологтың, әлеуметтік педагогтың баланың ерекше тәрбиелік қажеттіліктерін анықтау бойынша қызметі.

Модуль 5. Басшылардың ІТ – күзiреттiлiгiн дамыту. Модуль оқу үрдісінде ІТ технологияларын қолдану бойынша практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған (Интернет қашықтан оқыту платформалары, бағдарламалар, қосымшалар, сандық білім беру ресурстары және т.б.).

Модуль 6. Вариативтік. Модульде білім алушылардың нақты қажеттіліктері саласындағы мәселелерді баяндайды. Модуль тестілеуге дайындықты және жобаны қорғауды қамтиды.

6-тарау. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Бағдарламаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі

оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға сәйкес қашықтан оқу оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол екі кезеңнен тұрады: қашықтан оқу –30 сағат өз бетімен оқу – 50 сағат.

Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, дизайн ойлау, сондай-ақ қашықтан оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Күндізгі және қашықтан оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу өткізіледі.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі **Курстың оқу-тақырыптық жоспары**

№	Сабақтың тақырыбы	Дәріс	Таңдау бойынша дәріс	Тәжірибелік жұмыс	Тренинг	КТС	Семинар	Шағын сабақ таныстырылымы/	Қорытынды тестілеу	Барлығы
1	Модуль 1. Нормативтік-құқықтық	2		2						4
1.1	1.1 Инклюзивті білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдарының басшыларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер.	2								2
1.2	1.2 Инклюзивті білім беру жағдайында басшыларға арналған біліктілік талаптары және қызметін ұйымдастыру			2						2
2	Модуль 2. Басқарушылық									
2.1	Орта білім беру ұйымдарында инклюзивті мәдениетті дамыту.			2						2
2.2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы білім беру жағдайларын				2					2

	анықтау және ұйымдастыру.									
3	Модуль 3. Мазмұндық	2		2						4
3.1	Орта білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру ортасын жобалау: негізгі кезеңдер			2						2
3.2	Инклюзивті білім беру ортасына қойылатын талаптар және оны бағалау тәсілдері	2								2
4	Модуль 4. Мазмұндық	4		22	16	6	2	4	2	60
4.1	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы білім беру жағдайларын анықтау және ұйымдастыру.	2		2						4
4.2	Инклюзивті білім беру ортасының құрылымы. Компоненттер: кеңістіктік-пәндік, мазмұнды-әдістемелік, коммуникативті-ұйымдастырушылық.				2					2
4.3	Педагогикалық технологиялар заманауи сабақты жобалау негізі ретінде. ЕББҚ бар балалардың және инклюзия контекстіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқыту технологиялары.			2	2					4
4.4	Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі.			2						2
4.5	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесінде пән мұғалімінің білім беру ұйымының педагогикалық қызметкерлерінің қызметінің ерекшеліктері.				2					2
4.6	ЕБҚ бар баланы қосқан кезде білім беру мекемесінің мамандарының қызметінің ерекшелігі			2	2					4
4.7	Білім беру ұйымындағы психологиялық медициналық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мазмұндық аспектілері			2	2					4
4.8	Ерекше қажеттіліктері бар балаларды білім беру кеңістігіне қосу шарты ретінде кедергісіз орта құру.	2		6		4				1 2
4.9	ЕББҚ бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясы.				2	2				4
4.10	Инклюзивті білім беру жағдайында отбасымен жұмыс істеу ерекшеліктері. Мектеп сыныбының ата-аналарымен өзара әрекеттесу.			4	4					8
4.11	Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау							4	6	1 0
5	Модуль 4. Технологиялық			8						8
5.1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы			4						4
5.2	Сандық білім беру ресурстары мен виртуальды зертханаларды пайдалану			4						4

	автоматтандырылған ақпараттық жүйесі.									
6	Модуль 4. Вариативтік			8						8
6.1	Оқу процесінде оқыту кезінде Қашықтан оқытудың ерекшеліктері. Қашықтан оқыту сабақтарын жобалау.									
6.2	Оқыту процесінде қашықтан оқытудың ерекшеліктері. Қашықтан оқыту дизайны.									
6.3	ЕБҚ бар балаларға үйде оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері.									
6.4	5Жобаны қорғау.									
	Барлығы:	8	4	36	18	6	2	4	2	80

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

8-тарау. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін «Ықшамсабақ» таныстырылымы өткізіледі. Мақсаты – осы біліктілікті арттыру бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижелері бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдерді түсіну мен қолдануды бағалау.

Педагогтар сабақты жоспарлайды және жаңартылған білім мазмұнын ескере отырып, оқытуды жоспарлау бойынша іс-әрекеттер ретінде әртүрлі кезеңдерде сабақ үзіндісін тапсырады.

«Ықшамсабақ» таныстырылымын бағалау критерийлері (5 слайдтан артық емес):

«Ықшамсабақ» таныстырылымын бағалау бойынша қорытынды ең жоғары – 15 балл.

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максималды балл - 3*). *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут*

№	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Өзін-өзі таныстыру деректері дұрыс көрсетілген					
2	Ерекшелігі қарастырылады, әдістемелік аспект туралы түсінік байқалады					
3	Жұмыстағы қиындықтарды саралау					

	тьютордың (педагогтың) қызметі мен өзін-өзі дамытуымен тікелей байланысты кемінде 5 пар ұсынылған.					
4	Өзін-өзі дамыту траекториясы SMART мақсат қою арқылы қолдау табады, тьютордың (педагогтың) қызметі мен өзін-өзі дамытуымен байланысты					
5	Тьютордың (педагогтың) өзін-өзі дамытуының кемінде 3 қадамы әзірленді.					
Қорытынды балл (max – 15 балл)						

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратордың (оқытушының) консультациялар курсын, әртүрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.), Интернет – платформаны қолдана отырып, он-лайн іс-шараларды өткізуі;

2-кезең – пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүзеге асыру;

3-кезең – куратор (оқытушы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде сөз сөйлеу (аймақтық, облыстық, республикалық деңгейдегі);
- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);
- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыстар және т. б.);
- облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау (авторлық бірлестікте болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысы. Эл.ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000941>

4. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

5. (Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы (2019.27.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)).

6. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ

7. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қаңтарда № 26618 болып тіркелді

8. Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы

9. «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция» ҚР Заңы 20.02.2015 ж. № 288-V ЗРК; <http://online.zakon.kz/>

10. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы <http://online.zakon.kz/>

11. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.

12. Инклюзивті білім беру үдерісінде қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 200 б.

13. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2016. – 102 б.

14. «Білім беру ұйымдарында инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар». Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 320 б.

15. И.Г.Елисеева, А.К. Ерсарина Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/ - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019.

16. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.

17. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016.

18. Мектептік консилиумдар құру және ерекше қажеттіліктері бар балаларға интенсивті, кең және арнайы қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.

19. Педагогика и психология инклюзивного образования: учебное пособие / Д.З. Ахметова, З.Г. Нигматов, Т.А.Челнокова, Г.В.Юсупова и др. – Казань: Издво «Познание» Института экономики, управления и права, 2013.

20. Митчел Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. Главы из книги, пер. с англ. Аникеева И. С., Борисовой Н. В. – М., РООИ «Перспектива», 2011.

21. Хафизуллина И.Н.Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки: дис. ... канд. пед. наук. – Москва, 2005. – 22 с

22. Попова, Е.В. Педагогика и психология инклюзивного образования [Текст]: учебно-практическое пособие / Е.В. Попова. – Челябинск: Изд-во Юж.-Урал. гос. гуман.-пед. ун-та, 2016. – 149 с.